№184 жалпы орта мектеп психологының 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру қабырғаларында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;

3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;

4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылырдың шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;

7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;

8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

I. Психодиагностика

II. Түзету дамыту жұмысы

III. Психологиялық кеңес беру жұмысы

2022-2023 оқу жылында жылдық психологиялық қызметтің жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді.

1.ҚР Конституциясы

2.ҚР бала құқығы туралы заңы

3.ҚР «Білім туралы» заңы

4.ҚР білімінің даму концепциясы

5.ҚР «Неке және отбасы» заңы

6.Психологиялық этикалық кодексі

7. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы

2022-2023 оқу жылының басталған мерзімінен бері психологтың жылдық жоспарына байланысты біршама қызметтер атқарылды.

Қыркүйек айының басынан бастап оқушылардың арасында сауалнама жүргізу,психологиялық қызмет көрсету бойынша ата-аналардан келісім парағы алынды.

1-11 сынып оқушыларына педагогикалық-психологиялық жеке даму картасы жасалды.

Қыркүйек айының 16 күні 1а,1ә - сынып оқушыларынан мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында «Керн-Йерасек» әдістеме-тесті алынды. Осы тұста оқушыларға «Сәлеметсің бе мектеп!» тренингі өткізілді.

Қазан айының 10 күні 5- сыныбымен «Бесінші сынып дегеніміз не?» атты түзету-дамытушылық жұмыс өткізілді. Осы тұста оқушылардан «Темпераментті анықтау», «Менің сыныбым» әдістемесі алынды.

Қазан айының 11 күні 1- сынып оқушыларымен «Жүрек» тренингі өткізілді.

Қазан айының 17-18 күндері 7-8а, 8ә сынып оқушыларына жасөспірімдердің психикалық денсаулық туралы хабардарлығын арттыру мақсатында арнайы 3 академиялық дәріс жүзеге асырылды.

5-11 сынып оқушылар аралығында «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша сауалнама алынды:

Қыркүйек айының 22 күні 5 сынып оқушыларынан, 23 күні 6а, 6ә - сынып оқушыларынан, қазан айының 20 күні 7 сынып оқушыларынан, 22 күні 11-сынып оқушыларынан алынды. 9а, 9ә, 10-11 сынып оқушылары түгел қатысты, 7- сыныптан 2 оқушы сабақта болмауына байланысты қазан айында жеке алынды.

Қазан айының 22 күні 11- сынып оқушыларынан «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс өткізілді. Психологиялық қолдауға 1 тоқсанда 2 оқушы алынды. Ол оқушыларға арнайы кейс ашылып,жеке жұмыс жоспары жасалып,бекітілді.Жоспар бойынша оқушының күнделікті көңіл-күйі, сабаққа қалмауын қадағаланып, бақыланып отырды.

Оқушылардың жеке психо-педагогикалық картасы жасалды.

Жоспар бойынша қабілеттеріне қарай үйірмелеріне тартылуы қадағаланды.

Қазан айында НСВ-10 тесті,Дасс шкаласы сауалнамасы алынды.2 оқушы да берілген сауалнама сұрақтарына бойында болып жатқан депрессиялық деңгейлерін анықтап көрсете отырып,жауаптарды белгілеген.Зерттеу барысында қалыпты деңгейде шықты.Оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың көңіл-күйлерін және отбасымен қарым қатынасы психологиялық-әлеуметтік жағдайлары жақсы,сауалнама жауаптарында оқушы бойында қобалжу,мазасыздану,үрей,деппрессиялық деңгейлері қалыпты шықты. «Менің армандарым» ,«Мен таңдаған өмір» тақырыбында эссе алынды.Эссе де оқушылардың болашаққа деген ұмтылыстары байқалады.

Сынып жетекшілерімен бірлесіп мектепте өтетін сынып сағаттарына, мерекелік іс-шараларға қатысуы қамтамасыз етілді. «Кәсіби өзін тану және кәсіби қалыптасу бойынша мамандық таңдауға байланысты және оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында «Мейірімді жүрек, «Мен жақсы өмірді қалаймын» т.б. тренинг-сабақтар өткізілді.

Айына 2 рет оқушыларға проективті әдістемелер жүргізілді. «Үй,адам,ағаш», «Кактус» әдістемесі алынып, қорытындысында оқушының ішкі жай-күйі,көңіл-күйі анықталды.

Қараша айының 22 күні 9- сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында сауалнама алынып, психологиялық тренинг-сабақтар жүргізіліп және мемлекеттік емтиханға психологиялық сүйемелдеу жасалды.

Желтоқсан айының 4-күні 11- сынып оқушыларынан «Ашу-ызамен не істеу керек?» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс өткізілді.

Желтоқсан айының 19- күні 7-11 сыныптар аралығында «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Желтоқсан айынан бастап 5-11 сынып оқушылар аралығында «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша эссе алынды:

Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында желтоқсан айында алынған эссе тақырыптары:

«Өзіңді мақта» /5 сынып/
«Менің армандарым» /6 сынып/
«Менің өмірім» /7 сынып/
«Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/
«Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/
«Мен таңдаған өмір» /10 сынып/
«Болашаққа хат» /11 сынып/
Эссе бойынша психологиялық қолдауға 1 оқушы алынып,1 оқушы ерекше назарға алынды.

Қаңтар айында 6 -7 сынып оқушыларына қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық сабақтар өткізілді.

Тоқсан басталғалы бері ерекше назардағы оқушылармен жеке сабақтар жүргізіліп,мектептегі іс-шараларға қатысуы қадағаланып отырды.

2 ақпан күні балалардың суицидтік және құқыққа қайшы мазмұндағы топтар мен ойындарға қатысуын шектеу, тыйым салынған интернет-сайттардың қызметі туралы құқық қорғау органдарына уақытылы хабарлау, заңсыз контенттерге кіретін білім алушыларды анықтау мақсатында түсіндірме,ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. «Әлеуметтік желінің бала денсаулығына зияны» тақырыбында 4-11 сынып ата-аналары арасында бірыңғай онлайн сынып сағаты ұйымдастырылды.

10 ақпан күні мұғалімдер арасында «Жаратылыстану бірлестігінің» апталығында "Қарым-қатынас жарастығы"атты тренингі болып өтті.Мақсаты: мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, психологиялық көңіл-күйлерін көтеру,эмоционалды жігер беру.

18 ақпан күні 11сынып оқушыларынан көңіл күйін, невротизация деңгейін, ашуланшықтығын, әлеуметтік бөлектенуін анықтау мақсатында «Менің көңіл күйім» тесті бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнаманы алу барысында оқушылардың 2-еуінде жеңіл депрессия анықталып,оқушыларға барынша психологиялық

кеңестер берілді.Соматикалық аурулар, орташа депрессия, анық байқалатын депрессивтік белгі анықталған жоқ.

18 ақпан күні 11-сынып оқушыларына "Сенімділік күш береді" атты психологиялық тренинг өткізілді.Мақсаты: оқушыларды алдағы болатын ҰБТ-ге психологиялық дайындау, сенімділіктерін арттыру,өзін-өзі жігерлендіруге, анық мақсат қоя білуге үйрету.

Ақпан айының 27-сі, наурыз айының 1-і аралығында бастауыш сынып оқушылары арасында «Алғыс-шын жүректен» атты челлендж ұйымдастырылды. 1-4 сынып оқушылары бір-біріне жолдап, белсене атсалысты.Мақсаты:оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын,мейірімділігін арттыру.

3 наурыз күні 7-11 сынып оқушыларына мектеп медбикесімен бірге «Ерте жүктіліктің алдын алу,суицидтік мінез-құлықтың белгілері,психикалық денсаулық, оқушылар арасындағы зорлық - зомбылық,нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында түсіндірме, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.Мақсаты: қазіргі таңда белең алып бара жатқан түрлі оқыс оқиғалардан сақтау,оқушылардың бойына тәрбиелік мәні бар бейнесабақтарды көрсету арқылы бауырмалдылыққа,достыққа, денсаулығына бей-жай қарамауға үйрету,құқықбұзушылықтардың алдын алу және болдырмау. Жиналыс барысында оқушыларға бейнероликтер,слайдтар көрсетіліп,жадынамалар таратылды.

Наурыз айының 27-31і аралығы 7-11 сыныптар аралығында оқушылардың көңіл–күйін, невротизация деңгейін, ашуланшықтығын, әлеуметтік бөлектенуін анықтау мақсатында оқушылардан «Dass шкаласы» бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнаманы алу барысында 9- 11 сыныптар оқушылар арасында жеңіл депрессия 2 оқушыдан анықталып, олармен жеке сұхбаттасу жұмыстары жүргізілді.

5-6 сынып оқушылар аралығында оқушылардың көңіл–күйін, невротизация деңгейін, ашуланшықтығын,әлеуметтік бөлектенуін анықтау мақсатында оқушылардан «HCB-10 шкаласы» бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнаманы алу барысында 5- 6 сыныптар оқушылар арасында жеңіл депрессия, соматикалық аурулар орташа депрессия анықталған жоқ.

10 сәуір күні 11-сынып оқушыларына "Сенім-менің серігім!" атты психологиялық тренинг өткізілді.Мақсаты: оқушыларды алдағы болатын ҰБТ-ге психологиялық дайындау, сенімділіктерін арттыру, өзін-өзі жігерлендіруге, анық мақсат қоя білуге үйрету.

3 мамыр күні 7-11 сынып оқушыларына әлеуметтік педагогпен бірге оқушылар арасындағы «Зорлық – зомбылықтың түрлері және алдын алу» тақырыбында түсіндірме, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.Мақсаты: қазіргі таңда белең алып бара жатқан түрлі оқыс оқиғалардан сақтау,оқушылардың бойына тәрбиелік мәні бар бейнесабақтарды көрсету арқылы бауырмалдылыққа,достыққа, денсаулығына бей-жай қарамауға үйрету,құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау. Жиналыс барысында оқушыларға бейнероликтер, слайдтар көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

25 мамыр күні 11-сынып оқушыларына "Сенімділік күш береді" атты психологиялық тренинг өткізілді.Мақсаты: оқушыларды алдағы болатын ҰБТ-ге психологиялық дайындау, сенімділіктерін арттыру, өзін-өзі жігерлендіруге, анық мақсат қоя білуге үйрету.

Сонымен қатар оқушылармен біліміне және психикалық тұрғысына байланысты қосымша сабақтар жүргізілді.

Педагог-психолог: М.Нұрлыбаева